

**Тәуелсіздік  
мақтанышы – мәдени  
мұра**


# Бүгінгі сабақта:



- мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратасыз;
- тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білесіз.

# 1-тапсырма


Суреттерге ортақ тірек сөздерді атаңыз және оларды қолданып сұрақ құрастырыңыз.





## 2-тапсырма

Мақаланы оқып, құрылымы мен рәсімделуіне қарай жанрлық ерекшеліктерін анықтаңыз.



## **«МӘДЕНИ МҰРА»: ӨЛГЕНІМІЗ ТІРІЛІП, ӨШКЕНІМІЗ ЖАНДЫ...**

«Мәдени мұра» туралы айтқанда, өлгеніміз тіріліп, өшкеніміз жанды десек артық емес. Осы бағдарламаның арқасында жоғымызды тауып, төрт құбыламызды түгелдеуге күш салдық.

Естеріңізде болса, 2003 жылы мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында Қазақстанның үлкен мәдени мұрасын, мемлекеттік тілде гуманитарлық білім қорын, тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалпына келтіру, ұлттық әдебиетіміздің жауһарларын жаңғырту үшін бірыңғай жүйе қалыптастыру мақсатында арнайы бағдарлама жасау қажеттігін айтқан еді. Араға бір жыл салып, 2004 жылы бағдарлама жүзеге аса бастады. Әу баста «Мәдени мұра» екі жылға есептелген болатын. Кейін екі кезең бойынша жүзеге асты: 2007 жылдан 2009 жылға дейін алғашқы кезеңі атқарылса, екінші кезеңі 2009 жылдан 2011 жылға дейін жалғасты.

Жобаның басты мақсаты – еліміздің тарихи-мәдени мұрасын зерттеу, зерттеп қана қоймай, оны қайта қалыпқа келтіру және сақтау, тарихи-мәдени дәстүрлерді қайтару, өзге елдерде қалған рухани мұрамызды жинақтау.

«Мәдени мұра» бірнеше бағыт бойынша жүзеге асты:

Біріншіден, ұлттық мәдениетке ерекше маңызы бар тарихи-мәдени және сәулет ескерткіштерін қалыпқа келтіру.

Екіншіден, археологиялық зерттеулер жасау.

Үшіншіден, қазақ халқының мәдени мұрасы саласындағы ғылыми жұмыстарды атқару.

Төртіншіден, ұлттық әдебиет пен жазулар тәжірибесін ортақтастыру.





Сонымен, «Мәдени мұра» бағдарламасы жүзеге асқан он екі жыл ішінде қазақ тіліндегі толымды гуманитарлық білім беру қоры құрылды. Осы жылдар ішінде 537 кітап бір жарым миллионнан астам таралыммен шықты. Ол кітаптардың арасында тарихқа, археологияға, этнографияға, жаңа энциклопедиялық сөздіктерге арналған қаншама туындылар бар.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылған сәтті жобалардың бірі – «Мәңгілік сарын: қазақтың 1000 күйі мен 1000 әні» болатын. Бұл антологияда ұлттық мәдениет тарихындағы қазақ халық әндерінің түпнұсқалық орындауларын жинау, даярлау, өңдеу, реставрациялау мен CD-дискілерін шығару бойынша орасан зор еңбек атқарылды. Бағдарлама аясында жарық көрген кітаптардың арасында «Бабалар сөзі» де бар. Бұдан бөлек, «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Қазақ музыкасының антологиясы», «Қазақ өнерінің тарихы», «Әдеби жәдігерлер», «Әлемдік фольклор» және тағы басқа томдықтар жарық көрді.

Гүлзина БЕКТАС, Айдана НҰРМҰХАН, «Айқын» газеті, 2016

## 3-тапсырма

Мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстырып түсіндіріңіз.




Мәтіннен алынған ақпараттар	Өмірмен байланысын көрсететін түсіндірме



## 4-тапсырма

**Маңыздылық шеңберіне қажеттілерін сәйкестендіріп, пікір білдіріңіз.**

- Мәдени мұра түрлерімен танысу
- Мәдени мұрамызды насихаттау
- Мәдени мұра туралы жазу
- Мәдени мұраны зерттеуге қатысу
- «Бабалар сөзіндегі» құндылықтарды отбасында ұстану
- «Бабалар сөзіндегі» жырлардың сюжеттік желісінде қойылымдар қою
- «Бабалар сөзі» томдықтары бойынша иллюстрациялар жасау
- «Бабалар сөзіндегі» салт-дәстүрлер бойынша заманауи кәдесыйлар немесе ұлттық бұйымдар жасау.



# Қорытынды



Мақала құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырата білдіңіз.

Тыңдалған мәтіндегі ақпаратты өмірлік мәселелермен байланыстыра білдіңіз.